

Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 32 шешімі. Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық Әділет басқармасыда 2008 жылдың 7 мамырдағы N 3-5-73 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 176 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2011.04.25 № 176 Шешімімен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және аудан әкімінің 2008 жылғы № 01-1/169 ұсынысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 81 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) Шешімімен.

1. Әлеуметтік көмек көрсету;

1) Отбасының жан басына шаққандағы табысы кедейшілік шегінен аспайтын аз қамсыздандырылған отбасыларға, ең төменгі зейнетақы алатын және ең төменгі зейнетақыдан төмен алатын зейнеткерлерге 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 1, 2, 3 топтағы жалпы аурулардан, бала кезінен, әскер борышын орындауға байланысты емес мертігу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектерге ай сайын 3000 теңге мөлшерінде;

2) Жеңіс күніне орай, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне, соғыстан қайтпаған жауынгерлер жесірлеріне, ауған соғысына қатысушыларға және Чернобыль апатын жоюға қатысқандарға -2000 теңге;

3) «Алтын Алқа», «Күміс Алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы а н а л а р - 1 0 0 0 т е ң г е ;

4) Балаларды қорғау күніне орай, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға-1000 т е ң г е ;

5) Мүгедектер күніне орай, 1 топтағы мүгедектерге-1000 теңге көлемінде б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 81 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс VII*

*Аудандық мәслихат
хатшысы:*

сессиясының төрағасы:

Б.Балдан

М.Өтемұратов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК